

ӘОЖ 659.44

Аубакирова Мадина

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ

3 курс студенті

ЖАЛҒАН АҚПАРАТТЫҢ АДАМ САНАСЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

Аннотация: Мақала фактчекинг тақырыбына арналған, атап айтқанда фактчекингтің жұмысы, қоғамдық санаға әсер етудегі рөлі жазылған. Қазіргі таңда әлеуметтік желі мен интернет арқылы ақпараттар ағымы өте үлкен. Сондықтан, мысалдар негізінде әлеуметтік желі арқылы таралған факттерге негізделмеген ақпараттар, хабарламалар алынды. Сонымен қатар, SWOT анализ және сауалнама арқылы қоғамның фактчекингке деген пікірі қарастырылған.

Мақала фактчекинг жайлы ақпараттандырып және қоғамдық санаға әсер ету рөлін көрсетуді көздейді. Мақалада мысал ретінде қарастырылған COVID-19 кезінде таралған ақпараттар қоғамды дүрліктіріп, тіпті кейбіреулерінің денсаулығына зиян келе жаздаған. Сол себепті осындай жағдайлар орын алмауы үшін фактчекинг қажет. Осы зерттеудің нәтижесінде қоғамдық сананы жалған ақпаратпен улауға жол берілмеу қарастырылған.

Кілт сөздер: фактчекинг, әлеуметтік желі, fake news, қоғамдық сана, қоғамдық пікір, факт

Аннотация: статья посвящена теме фактчекинга, а именно написанию работы фактчекинга, его роли в воздействии на общественное сознание. В настоящее время поток информации через социальные сети и интернет очень большой. Поэтому на основе примеров была получена информация, сообщения, не основанные на фактах, распространяемых через социальные сети. Кроме того, с помощью SWOT-анализа и опроса было рассмотрено мнение общественности о фактчекинге.

Статья предусматривает информирование о фактчекинге и демонстрацию роли воздействия на общественное сознание. Информация, распространяемая во время COVID-19, рассматриваемая в качестве примера в статье, вызвала ажиотаж в обществе и даже вред здоровью некоторых из них. Поэтому фактчекинг необходим для того, чтобы подобные ситуации не происходили. В результате данного исследования предусмотрено недопустимость травли общественного сознания дезинформацией.

Ключевые слова: фактчекинг, социальная сеть, fake news, общественное сознание, общественное мнение, факт

Annotation: the article is devoted to the topic of fact-checking, namely, the writing of the work of fact-checking, its role in influencing the public consciousness. Currently, the flow of information through social networks and the Internet is very large. Therefore, based on the examples,

information was obtained, messages that are not based on facts, distributed through social networks. In addition, the public opinion on fact-checking was reviewed using SWOT analysis and a survey.

The article provides information about fact-checking and demonstrates the role of influence on public consciousness. The information disseminated during COVID-19, considered as an example in the article, caused a stir in society and even harm to the health of some of them. Therefore, fact-checking is necessary to ensure that such situations do not occur. As a result of this study, it is considered unacceptable to harass the public consciousness with disinformation.

Keywords: fact-checking, social network, fake news, public consciousness, public opinion, fact

Қазіргі уақыт технологиялар мен ақпарат заманы. ХХІ ғасырда цифрлы технологиялар қарқынды дамып, адамзаттың мүмкіндіктерін ұлғайтуда. Бүгінгі күнде жер шарындағы әрбір адамның қолында ұялы телефон бар. Телефон күннен күнге технологияларын жаңартып, жаңа функцияларын қосып даму үстінде. Қажетті ақпаратты, қызықты материалдар мен хабарламаларды телефон арқылы Интернеттен аламыз. Ал күнделікті оқып, хабарлама арқылы алмасып жатқан ақпарат пен жаңалықтар қаншалықты дұрыс? Жаңалық және ақпараттың дұрыстығын фактчекинг тексереді.

Фактчекинг дегеніміз – берілген мәтіндегі фактілер және ақпаратты жарияламас немесе таратпас бұрын, дұрыстығын тексеретін кезең. Алдын ала ақпараттың дұрыс, ойдан құрастырылмағанын тексеріп алу, болашақта үлкен мәселелерге тап болмауға көмектеседі. Мысалы, бір мекеме жайлы шыққан ақпарат жәй ғана сыбыс. Алайда сіз оны тексермей, жариялап жібердіңіз. Осы себептен мекеме, жалған ақпарат таратқаны үшін, сізді сотқа бере алады.

Фактчекинг түсінігі жаңа медиаға дәстүрлі журналистикадан келді. Дәлірек айтсақ, редакциялық принциптердің бірі: редакторлық сүзгі. Бұл журналистік технология тәуелсіздік, объективтілік, бейтараптық, дәлдік сияқты қасиеттерге негізделіп, жүзеге асырылады. Осыған сүйеніп жасалған жұмыс арқасында, аудиторияның сенімі қалыптасады және басылымның беделі қалыптасады.

Фактчекингтің маңыздылығын анықтау үшін SWOT анализ жасалды.

S-Strengths	W-Weaknesses
<ul style="list-style-type: none"> - ақпаратты жан жақты зерттейді - талаптарды талдайды және қорытынды жасайды. - жаңалықтар мен сенімді ақпараттарды негізгі міндеті ретінде қарастырады. - ақпарат және ақпарат көздерін таңдауда ашықтық 	<ul style="list-style-type: none"> - зерттеу ұзақ уақыт алуы мүмкін - ақпарат іздеуде қиыншылық - ресурстар аздығы -fake news көбеюі

O-Opportunities	T-Threats
<ul style="list-style-type: none"> - әрқашанда дұрыс ақпарат тарауы - халық сенімі - кризистік жағдайдың азаюы - халықтың fake newsке иммунитеті пайда болуы 	<ul style="list-style-type: none"> - фактчекинг жайлы білмеу - ақпараттың жылдам шығуы -

Барлық әлемде фактчекинг бойынша 100 жуық тәуелсіз мекемелер жұмыс жасайды. Қазіргі таңда елімізде фактчекингке қатысты Factcheck.kz редакциясы жұмыс жасайды. Бастапқыда тек қана сайт жұмыс жасаса, ал қазір әлеуметтік желідегі аккаунтары арқылы, шыққан fake news ақпараттарын жоққа шығарып, жұмыс істеуде.

Жалған ақпараттардың таралуында үлкен платформалардың біріне айналған – әлеуметтік желі. Бүгінде әр адамның телефонында бірнеше әлеуметтік желі бар. Сол әлеуметтік желі арқылы келіп жатқан ақпараттың жартысы fake news. Әсіресе, бүкіл әлемге тараған COVID-19 инфекциясына қатысты әлеуметтік желіде, соның ішінде Instagram мен What’s App арқылы жеткен жалған ақпараттар өте көп.

➡ *Пересланное сообщение*

Мына вирус- бактериологиялық атомдық қару, сондықтан жүрдім-бардым қарамаңыздар. Үйді, тіпті жұмыс орнын лавровый лист пен аптектен жусан шөбін алып, екі шөпті жағып, 2 сағат сайын түтіндетіп алыңыз. Оксолин майын тек мұрынға ғана емес, қас пен көздің айналасына да жағып қойыңыз. Телевизорды көп қоспаңыз.

➡ *Пересланное сообщение*

Сегодня в 23:00 и до 5:00 утра, вертолёты будут распылять лекарство для дезинфекции, окна и балконы должны быть закрыты и на улице после 23:00 находится нельзя.
Сообщили из военной части.

14:48

Алматы облысында 30 қаңтарда, коронавируске қатысты жалған ақпаратты гинеколог дәрігер таратқан болатын. Ол өзінің видеосында “елімізде коронавирус бар, бірақ билік оларды тығып отыр. Оларға сенбеңіздер, коронавирус елімізге келді” деген. Полицей қызметкерлері кінәліні жауапқа тартқанда, өз ісіне өкінетінін, алайда бұлай болатынын ойламағанын айтты. Тек қана ол емес, осы сынды шындыққа жанаспайтын ақпараттар халық арасында тарап, дүрліктірген еді. Жұрт жаппай дәріханалар мен дүкендерде дүрбелең жасап, ұзын сонар кезектерде тұрды.

Қазірдің өзінде COVID-19 қатысты fake news ағымы тоқтар емес. Әлеуметтік желілерде карантин ережелері, төтенше жағдай, карантиннің біту уақытына қатысты ақпараттар легі толарсыз. Factcheck.kz ұжымы сүзгіден өткен ақпараттарымен бөлісіп

✗ Хабарлама: Мұрынды сабынды сумен жуу коронвирустан қорғайды.

👉 Үкім - Манипуляция. Мұрынды шаю кейбір кезде пайдылы болуы мүмкін. Бірақ, бұл жағдайда емес. Мұрынды үнемі сабынды сумен жуудың қарсы көрсеткіштері де бар.

✗ Хабарлама: Зімбір, пияз, сарымсақ коронавирустың алдын алады

👉 Үкім - Манипуляция. Бұлардың пайдасын ешкім жоққа шығара алмайды. Бірақ дәл осы жағдайда пайдасына қарағанда зияны көп болуы мүмкін.

отырады.

Ресейде сәуірдің ортасында ТФР тергеу комитетінің мәліметі бойынша жергілікті ауруханада COVID-тен өлімнің жоғары деңгейі туралы жалған ақпарат таратқан адамға қатысты қылмыстық іс қозғады. Содан кейін Бас прокуратура YouTube-та жаңа коронавирустық инфекция бар екендігі жасырылған «Фейгельсон-Якобсон ауруы» деген бейнені тапты. Оныменн тек белгілі бір ұлт өкілдері ауруы мүмкін ». Видеоның авторлары «коронавирустық инфекцияға қарсы күрес, сау адамдарды ішкі органдарды жаппай алып тастау және оларды трансплантациялау үшін кейіннен сату жүзеге асырылып жатыр» деген уәж айтты.

✗ Хабарлама Аурулардың барлығын Теміртауға апарарды
👉 Үкім - Жалған. Бұл ақпарат толығымен ойдан шығарылған. Сондықтан да сенуге болмайды.

✗ Хабарлама: Алматы / Тараз / Ақтауды тікұшақпен дезинфекциялайды.

👉 Үкім - Фейк. Бұл тек біздің елде ғана емес, әлем бойынша тарап жатқан фейк.


Сәуір айының соңында прокуратура авторларды COVID-19 вирусын «Вектор» зертханасында ойлап тапты деп айтты, өйткені олардың пікірінше, биологиялық қару сол жерде өндірілген. Авторлар өткен жылдың қыркүйек айында жарылыс болды, содан кейін вирустың ағып кетуі туралы жазды, кейінірек ол Қытайдың Ухань қаласына ауқымды апатты жасыру үшін әкелінді. Мақалада ресми статистикаға да күмән келтірілді.

Жалпы, мамыр айының басына қарай «Қауіпсіз интернет лигасы» коронавирус туралы 3 701 фейк анықтады. Көбіне олар Мәскеуден, Санкт-Петербургтен, Астрахан облысынан, Татарстаннан, Қырымнан және Солтүстік Кавказдың кейбір аймақтарынан келген.

Factchek.kz ұжымының жұмысы әлеуметтік желідегі аккаунттерінде үнемі жаңарып отырады.

Сіздің жасыңыз нешеде?

70 ответов




Әлеуметтік желідегі ақпаратты тексересіз бе?

70 ответов




Фактчекинг туралы білесіз бе?

70 ответов



Қандай әлеуметтік желіні пайдаланасыз?

70 ответов



Алайда, орта және қарт жасындағы адамдарда, жалған ақпаратқа қарсы иммунитет жоқ. Әлеуметтік желіден келіп түскен ақпаратты тесереді ме? Фактчекингтен хабары барма? Осы сұрақтарға жауап алу үшін сауалнама жасалынды

Сауалнама қорытындыларына сүйене отырып, елімізде болашақта қоғамның санасын жалған ақпараттар уламау үшін фактчекинг дамуы керек. Әрине, әлеуметтік желідегі ақпараттар ағымын тоқтату мүмкін емес. Бірақта, әрбір адам оқыған және жіберетін ақпаратына жауапкершілікпен қарап, ой елегінен өткізсе дұрыс болар еді.

Фактчекинг сауатты болашақ ұрпақ болуы үшін өте маңызды. Себебі, дұрыс ақпаратпен қаруланған ұрпақ бәсекеге қабілетті, саналы прагматик болады.

Әдебиеттер тізімі :

1. LPGenerator сайты. <https://lpgenerator.ru> (15.02.2021)
2. MediaToolbox сайты. [http://mediatoolbox.ru/factchecking /](http://mediatoolbox.ru/factchecking/)(18.02.2021)
3. Facthek.kz сайты <https://factcheck.kz/> (17.02.2021)
- 4.Сауалнама
https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSeABGCuZJkk3hSfUkeTYoMd0CcF4OHZOhOUO_caV-cn0f1nw/viewform?embedded=true